

Қалдырған ізің мәңгілік...

Адамдардың гұмыры өздерінің қажырлы қасиеттерімен, жарқын жолдарымен артына аты аңызға айналады. кезінде өмір сүрген жеткіншек алдындағы борышын өзіне тән абыроймен атқарған Жақия Шайжүнісұлы азаматтардың бірегейі.



**ЖАҚИЯ ШАЙЖҮНІСҰЛЫНА
100 ЖЫЛ**

мінезімен, табиғат ұстанымымен, жемісті деген шексіз сүйіспеншілігімен балалар үйін бірнеше жүздеген шәкірттердің алтын босағасына, қимас та қымбат ұяларына айналдырған ол нағыз педагог ретінде көптің есінде мәңгіге қалды. Жақия Шайжүнісовтың педагогикалық жолы – мейірім мен жанашырлықтың, қамқорлықтың, қайырымдылықтың,

мәңгілік болмаса да, еңбегімен, абзал да мағыналы өмір өшпес із қалдырады, Көкпекті өңірінде қоғам, халық, азаматтық, кәсіптік іскерлікпен, шынайы педагог – сондай асыл

Қарапайым

берген ұстаздық еңбегімен, балаларға

жүздеген

жүздеген



рақымшылдықтың, төзімділік пен сабырдың және балаға деген махаббат пен сүйіспеншіліктің үлкен мектебі. Балалар үйінің ыстығына күйіп, суығына тоңып, «Қайтсем осыларды адам қатарына қосамын» -

деген тілектегі адамгершілік парызын ғұмырына арқау еткен жан Жақия Шайжүнісов. Панасыздарды киімі бүтін, тамағы тоқ дәрежеге жеткізумен бірге, патриоттық, адамгершілік, эстетикалық, еңбек тәрбиесімен баулып, олардың рухани дүниеден шет қалмауына күш-жігерін салды. Сол кездегі оқу мен еңбекті ұштастыра жүргізіп, жастық жалын мен азаматтық қасиетті қатар ұстаған Жақия Шайжүнісұлы түн ұйқысын бөліп, жарғақ құлағы жастыққа тимей, панасыздарға аға орнына аға, әке орнына әке, шеше орнына шеше бола білген. Осылайша, үлкен жүректің жылуы талай жанның бойында өмір отын маздатты. Аумалы-төкпелі заманда түрлі қиындықтардың салдарынан тағдырдың соққысына ұшыраған қамкөңіл жетімдермен



ұзақ жылдар бойы тапжылмастан еткен үздіксіз де қажырлы еңбегі үшін Ж.Шайжүнісовке әуелі «Қазақ КСР-не еңбек сіңірген мұғалім», ал 1968 жылы Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Міне осындай, аты аңызға айналған ұстаз - Жақия Шайжүнісұлының 100 жылдық мерейтойы қаламыздағы Абай атындағы театрда аталып өтті. Жыл бойы облысымыздың түпкір-түпкірінде аталып өтіліп жатқан шаралардың қортындысы болған бұл шараны 2012-2013 оқу жылынан бастап Халық мұғалімінің атын алған Жақия Шайжүнісов атындағы электронды колледж ұжымы ұйымдастырды.



Кеш шымылдығы М.Горький атындағы балалар үйі туралы түсірілген «Дом Родной» фильмімен ашылды. Елеулі еңбегі ел есінде қалған Жақия ұстазға арналған кешке арнайы сөз сөйлеп, естеліктерімен бөлісу үшін келген қонақтарымыз көп болды. ШҚО білім басқармасы, қаламыздың әкімшілігі, Жақия ағамыздың көзін көрген замандастары, қамқорлығы мен жылуын көрген тәрбиеленушілері, Құмар Раев атындағы Көкпекті балалар үйінің қазіргі ұжымы және облыс көлеміндегі оқу орындары.



Халық мұғалімінің өмірі мен өнегесі, педагогикалық білімі мен білігі туралы ШҚО Білім басқармасы бастығының орынбасары **Глазовская Лариса Ивановна** Халық мұғалімінің сонау жылдардағы білім беру, бала тәрбиелеу жолында қолданған әдістері әлі күнге дейін мектептер мен бала бақша, бабалар үйінің оқыту, тәрбиелеу үрдісінде үздіксіз қолданылып келе жатқандығы туралы, Жақия Шайжүнісұлының бала тәрбиесінде үлкен ізденіс жолында болып, совет педагогы А.С.Макаренконың еңбектерін басшылыққа алғандығы туралы баяндаса, Халық мұғалімінің ұстаздық өнегесін дәріптеп, «Қазақстандағы білім берудің өзекті мәселелері» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның жоғары дәрежеде ұйымдастырылуы мен өтуіне басшылық жасаған Семей қаласының Шәкәрім атындағы Мемлекеттік Университеті педагогика жоғары мектебінің директоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор **Еспенбетов Арап Сләмұлы**:



«Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегің кетпес далаға!
Ұстаздық қылған жалықпас,
Үйретуден балаға! –

деп ұлы Абайдың тереңнен толғағанына бір жарым ғасырдай уақыт өтті. Бала айтса да, дана тебіренсе де жаңа ғана естілгендей сезімге бөлейді. Ұлы мұраның ескірмейтіндігіне, асыл қазынаның тотықпайтынына дәлел. Қазақ рухы әлемді шарлап, қазақ сөзі өзінің кемелдігін дәлелдер болашақ ғасырларда да өміршеңдігін жоғалтпайтындығы кәміл. Ұстаз төккен маңдай тердің қадір-қасиеті қапысыз өрілген.

Университет аудиториясы мен мектеп сыныптарында мыңдаған балауса жасқа білім нұрын сепкен, себетін ұстаздар қаншама?! Әр ұстаз білім-білігіне сай, ой өрісіне сәйкес ізденіс үстінде өтетіндігі хақ. Жылдар бойы сарылып қиындығы мол, мекнаты зор жолда еңбегі мен ізденісін, білімі мен қайратын аямай биік тұғырға көтерілетін білім сардарлары некен-саяқ. Ұзақ жылдарын берген жанкешті еңбегі арқасында даңқ шыңынан көрінген Ұстаз – Социалистік Еңбек Ері, халық мұғалімі Жақия Шайжүнісұлы» - деп сөзін бастап, ол кісінің осыншама қыруар еңбек ете жүріп, қазақ әдебиетіне қосқан үлесі туралы үлкен баяндама жасады.

Ал, зейнеткерлікке шыққан соң қаладағы көне мәдени орынның бірі, обыстық тарихи өлке тану музейіне қызмет атқарғандығы туралы



Бекен Нұғыманұлы Теміров: «Мұрағаттан тарихи-өлкетану музейінің директоры У.Еркімбаев бекіткен Жақия Шайжүнісұлының қолы қойылған 1978 жылға арналған жұмыс жоспарымен таныстық. Жоспарда ескерткіштерді тізімге алу мақсатындағы ғылыми іс-сапарлар көрсетілген. Ескерткіштерді төлқұжаттау жұмыстарын жақсарту, ескерткіштер жайлы жас ұрпақтарға дәрістер оқу, насихаттау жұмыстарының жоспары да белгіленген.

Жақия Шайжүнісұлы осы уақытқа дейін тізімге алынбаған ескерткіштерді тауып, зерттеп, сол кездегі Семей облысының қала мен аудандарындағы 233 археологиялық, 282 тарихи – мәдени ескерткіштерінің тарихы туралы мәлімет жинайды.

Ағамыздың тағы бір ерекше айтылар тындырған ісі, айтылған ескерткіштердің облыстық картасын жасауы болды. Ғылыми сапасы жағынан өте құнды мұндай карта Республика көлемінде бұрын-соңды болған емес, дейді мамандар.

Осындай ізденістер арқасында халқымыздың ардақтысы, дана Мұхтар Әуезов 1918-20 ж.ж. тұрған ак. Павлов көшесі 70 үйге ескерткіш тақта ілінеді. Ал көрнекті қазақ ақыны Сәбит Дөнентаевтың ұмыт қалған моласына қамқорлық ұйымдастыруда, азамат соғысы

жылдары қаза тапқан кеме жасау заводы жұмысшыларының бауырластар зиратына қойылған ескерткішті құжаттап, ел жадына қайтаруда, Ұлы Абай атамыз жыл сайын тоқтап, қонатын Әнияр Молдабаевтың үйінің бүгіндер тамаша музейге айналуында да Жақия ақсақалдың еңбегі зор еді. Әріп Тәңірбергеновтің, Сабыржан Ғаббасовтың өмірбаяндарынан, әсіресе Тінібай мешіті жайлы да деректерді жинаған» деген Ұстаздың зейнеткерлікке шыққаннан кейін де ел тариха үшін маңызды еңбек еткені туралы айтып берді.

Ұстазды «Әке» деп атап кеткен, жанының мейірімі мен шуағына бөленген тәрбиеленушілері атынан сөз сөйлеген Оразбекова Нуржанат апайымыздың сөзі талай көзге жас ұялатты.



Ұстаздың сүйіп тыңдайтын Абайдың «Көзімнің қарасы» әнін қалалық филармония әншісі **Толу Сембаев** орындаса, кеш жүргізушілері Жақия Шайжүнісұлына арналған Болат Сыбановтың әніне жазылған «Асыл аға» өлеңін нақышына келтіріп, оқып берді. Ән де, би де болған бұл кештің соңын осындай жүрегі кең адамның ұлы болу бақытына ие



болған тұңғыш баласы **Маркен Жақияұлы** аяқтап, барлық кеш қонақтарын Әке рухына арнап түсірілетін асқа шақырды.